

FTAXP 68.75.81

ӘОЖ 633.851

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-148-154>

А.Р. КОБЕНОВА,*¹

қызметкер.

*e-mail: kobenova-1998@mail.ru

С.А. ФАЙЗУЛЛИНА,²

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: svetlanafai@bk.ru

М.А. КАНАБЕКОВА,³

э.ғ.к., доцент

e-mail: kma.2372@mail.ru

¹«Financial Services Group» ЖШС,

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²«Тұран» университеті,

Қазақстан, Алматы қ.

³Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті,

Қазақстан, Алматы қ.

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада қазіргі уақытта мал шаруашылығы саласының, оның ішінде биологиялық активтердің бухгалтерлік есебін жүргізу ерекшеліктері қарастырылған. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласында жоғары әлеуетке ие, өйткені тиісті табиғи-климаттық жағдайлары және мал шаруашылығының табысты дамуына ықпал ететін бай жайылымдық алқаптары бар. Сондықтан ауылшаруашылық өндірісін есепке алудың ерекшеліктері – өсіру процесінде табында үнемі өзгерістер болатындығында. Мал басының өсу динамикасын бастапқы деп анықтауға болатын арнайы құжаттарда көрсетеді. Олардың ерекшелігі – жануарлар түрінде өндіріс факторлары мен құралдарының қозғалысын көрсетуге бағытталған белгілі бір нысанда жасалады. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығының басты міндеттерінің бірі – мал шаруашылығы саласын дамыту. Мал шаруашылығы халықты ет, сүт, жұмыртқа сияқты жоғары құнды азық-түлікпен қамтамасыз етеді; өнеркәсіп жүн, тері, елтірі, қой терісі, мамықты пайдаланады; фармацевтикалық өндірісте жануарлардың қаны сұранысқа ие; техникалық мақсаттарда желім, пластмасса, альбуминді өңдеуге арналған өнімдер пайдаланылады. Эндокриндік бездерден гармондары бар белсенді дәрі-дәрмектер жасалады. Мүйіздер әртүрлі өнімдерге, ал сүйектер сүйектен тағам дайындауға арналған, ауылшаруашылық кәсіпорындарындағы жануарлар еңбек құралдары мен еңбек объектілері ретінде әрекет етеді. Мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің ұлғаюы, өзіндік құнның төмендеуі және оны өндірудің табыстылық деңгейінің артуы – өндірістің технологиясы мен ұйымдастырылуын жетілдірумен, табынның тұқымдық және жас құрамын жақсартумен, мал басын сақтаумен және барлық қаражатты тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Демек, ауылшаруашылық өндірісінің жоғары деңгейі елдің экономикалық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Тірек сөздер: ҚЕХС, биологиялық активтер, өзіндік құн, үстеме шығындар, негізгі өндіріс, табыстылық, қосалқы шот.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикасының маңызды саласының бірі. Нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімді жүйесін дамыту республикалық басқарушы органдарға қажетті ақпараттың жеделдігі мен объективтілігіне ерекше талаптар қояды. Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының болуы елдің өндіріс параметрлерін объективті бақылау әдістерінің дамуына да ынталандырады.

Ғылыми мақаланы жазудағы басты мақсат – биологиялық активтер ретінде есепке алынатын мал шаруашылығы және жануарлардың өнімділігін арттыру үшін экономикалық ақпаратты есепке алу, талдау, түсіндіру және пайдалану.

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы саласындағы бухгалтерлік есеп айтарлықтай өзгерді, ол – 41 ҚЕХС «Ауыл шаруашылығы».

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарында бекітілген «Жалпы қағидалар мен ережелердің» негізінде құрылған болатын. Сол себепті, мал шаруашылығы өнімдерін есепке алу 41 ҚЕХС «Ауыл шаруашылығы» талаптарына сәйкес өз өзгерістерін енгізген болатын, бұл жағдайда жануарлар биологиялық активтер ретінде есепке алынады.

Негізгі ережелер

Ауыл шаруашылығында жануарларды күтіп-бағу мен өсіру «Негізгі өндіріс» шотында, яғни «Мал шаруашылығы» қосалқы шотында есепке алынады. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары негізінде Қазақстан Республикасының 28.02.2007 ж. № 234-ІІІ «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңын іске асыру мақсатында әзірленген.

Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есептің негізгі мақсаты – кәсіпорынның даму перспективаларын анықтау үшін, сондай-ақ дұрыс және перспективалы басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпаратты талдау және пайдалану.

Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп ұйымдастырушылық жоспардың орындалуын, ауылшаруашылық кәсіпорындарының табыстылығын көрсетеді, сонымен қатар жұмыс кезінде сәтсіздіктер мен қателіктердің алдын алуға көмектеседі, қолда бар ресурстарды ұтымсыз пайдалануға жол бермейді және осы әрекеттермен кәсіпорын қаражатын сақтауға көмектеседі [5, 126 б.].

Жануарлар массасының өсу құны олардың салмағын есепке алмай есептелетін жануарлар (құлындар, аңдар, қаракөл қойлары, ешкілер мен қояндар) бойынша айқындалады; өсу құны жануарлардың тиісті тобын күтіп-бағу жөніндегі шығындарға жатқызылады.

Жануарлар салмағын анықтау үшін ай сайын жануарларды өлшеу тізімдемесі жасалады, онда алдыңғы өлшеу бойынша жануарлардың салмағы және өлшеу күніндегі олардың салмағы жазылады, туындаған айырмашылық пайда алып келеді.

Мал басының қозғалысы тиісті құжаттармен рәсімделеді. Негізгі табындағы жануарлардың қозғалысын есепке алудағы өзгерістер мен өнім (сүт) алу, төл алу нәтижесінде мал басының көбеюін көрсетеді. Топ бойынша жас жануарлардың салмағы, тірі салмақтың өсуі түрінде өнім алынады. Жануарларды есепке алу топтары бөлінісінде төлдің, тірі салмақтың өсуі мұқият есепке алынады. Бірінші кезекте мынадай бастапқы құжаттар рәсімделеді:

- ◆ жануарлардың төлін кіріске алу актісі;
- ◆ кәсіпкер мемлекетке тапсыру үшін халықтан қабылданған жануарларды қабылдау-есептеу тізімдемесі;
- ◆ жануарлардың төлін кіріске алу актісі;
- ◆ жануарларды топтан топқа ауыстыру актісі;
- ◆ жануарларды өлшеу тізімдемесі.

Материалдар мен әдістер

41 ҚЕХС (IAS) ауыл шаруашылығы қызметін есепке алу үшін қолдануы тиіс, оның ішінде:

- ◆ биологиялық активтер;
- ◆ ауылшаруашылық өнімдерін жинау кезінде және кейбір үкіметтік субсидиялар.

Жинау нәтижесінде алынған өнім – ұйымның биологиялық активтерден алынған өнімі.

Репродуктивті пайдалану кезінде биологиялық активтердің сапалық және сандық өзгерістерін есепке алу мәселесі ұзақ жылдар бойы зерттеліп келеді. Сүт шаруашылығындағы өндіріс шығындарын есепке алу мәселесін қарастыратын болсақ, бұл мал шаруашылығындағы негізгі өнім – сүт және төл, ал ет өнімінде – төл және тірі салмақтың өсуі. Сонымен қатар сүтті малдың негізгі табынынан тірі салмақтың өсуі әлі де алынады, ол есепке алынбайды.

Екі жастан асқан сиырлар мен бұқалар негізгі табынға олардың салмағы мен нақты өсіру құны бойынша есептелетіні белгілі. Осы көрсеткіштер бойынша сиырлар мен тұқымдық бұқалар негізгі құралдар құрамының барлық кезеңіне есептеледі. Жануарларды есепке алудың бұл тәртібі тірі салмақты және өнімді малдың құнын өлшеу және жеке есепке алу кезінде туындайтын қиындықтарға байланысты қабылданды. Сонымен қатар, егер негізгі табын мен жұмыс малдарының тұқымдық құрамы бірдей болса, онда олар бойынша жыл сайын тірі салмақтың өсуін анықтау міндетті емес, бұл оларды сату немесе қабылдамау кезінде айқын болады. 41 ҚЕХС «Ауыл шаруашылығы» талаптарына сүйене отырып, биологиялық активтерді бағалау кезінде әділ құнды қолдануды ұсынады.

«Жануарлар биологиялық активтері» [7, 1 б.], атап айтқанда ірі қара мал шаруашылықтардың бухгалтерлік балансында ақшалай бағалауда көрсетілуі керек. Бухгалтерлік баланс есепті кезеңнің басында және есепті кезеңнің соңында жасалынады, шоттар жоспарының екінші бөлімінде «ұзақ мерзімді активтер» бойынша биологиялық активтердің нақты бар екендігі жазылады.

Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі бағаланатын түрлері бұл – сүт, жүн, жұмыртқа, бал, төлдер, сондай-ақ малдың салмағы мен өсуі, бұл топтың өлшенуіне және өсуіне байланысты, мысалы, жылқы, түйе, мал өнімдері жатқызылады. Табында өсіру процесінде ауыл шаруашылығын есепке алу ерекшеліктері үнемі өзгеріп отырады. Малдың өсу динамикасы бастапқы деп анықтауға болатын арнайы құжаттарда есепке алынуы тиіс. Олардың ерекшелігі – жануарлар түрінде өндіріс факторлары мен құралдарының қозғалысын көрсетуге бағытталған белгілі бір нысанда жасалады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы жануарлар еңбек құралдары (өнімді және жұмыс істейтін мал) және еңбек заттары (бордақылаудағы жас және ересек жануарлар) ретінде әрекет етеді [8, 12 б.].

Төменде ауыл шаруашылық өнімдерінің қайта өңделуінің нәтижелерін кесте ретінде қарастырамыз.

Кесте 1 – Биологиялық активтер, ауыл шаруашылығы өнімдері

Р/с	Биологиялық активтер	Ауыл шаруашылығы өнімі (41 IAS өнімді жинау кезеңінде қолданылады)	Алынған өнімді қайта өңдеудің нәтижелері (2 IAS)
1	Қой	Жүн	Иірілген жіп, кілем
2	Отырғызу ағаштары	Кесілген ағаштар	Бөрене, ағаш
3	Өсімдіктер	Мақта	Жіп, киім
4	Сүт өнімін беретін мал	Сүт	Сыр
5	Шошқа	Сүрме	Шұжық өнімдері
6	Бұталар	Жапырақ	Шай, кептірілген темекі
7	Жүзімдер	Жүзім	Шарап
8	Жеміс жидек ағаштары	Жиналған жемістер	Өңделген жемістер

Ескертпе – [1] 41 ҚЕХС негізінде автормен құрастырылған.

Кестедегі мәліметтерді ескере отырып, жеміс-жидек ағаштары биотрансформациядан өтетіндігін айтқымыз келеді, оның барысында биологиялық активте осы жеміс беретін (өнімді) биологиялық активтерден ауыл шаруашылығы өнімін оларды сату мақсатында жиналған жемістер түрінде немесе дайын өнім түрінде қайта өңделген жемістер түрінде ала отырып, сандық және сапалық өзгерістер болады. Осы ережелердің барлығы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушінің (шаруа немесе фермер қожалығының) есеп саясатында сипатталуы тиіс [9, 21 б.].

«Ауыл шаруашылығы» 41 ҚЕХС сәйкес аталған ірі қара малдар биологиялық активтер ретінде есепке алынуы тиіс. Бұл жағдайда жануралар биотрансформацияға ұшырайды, оның барысында биологиялық активте өсуге, деградацияға, көбеюге байланысты сандық және сапалық өзгерістер болады.

Сондықтан бухгалтерлік есепті малбасын сандық өлшеуде де, әр жануардың салмағы бойынша тоннада немесе кг-да жүргізу ұсынылады. Үнемі түгендеу жүргізілуі қажет, сонымен бірге жануарларды өлшеп, ұрпақтарын санап, бухгалтерлік есепте осы өзгерістерді ескере отырып есепке алынады. Осы ережелердің барлығы кәсіпорынның есеп саясатында

сипатталуы тиіс. Жануарлардың төлін кіріске алуға бекітілген акті нысаны жоқ, сондықтан ұйым «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 ж. 28 ақпандағы № 234-III ҚР Заңының 7-бабының 3-тармағына сәйкес міндетті деректемелерді көрсете отырып, «Жануарлардың (ІҚМ) төлін кіріске алуға арналған Акт» нысанын дербес әзірлеуге құқылы [2]. Төлді алған күні аналық мал басы бөлімшесінің басшысы, зоотехник және төлді күтіп-бағу жөніндегі жауапты адам мал төлін кіріске алуға акт рәсімдейді. Дербес әзірленген барлық ішкі нысандар компанияның және шаруа немесе фермер қожалығының есеп саясатына қосымшада рәсімделуі тиіс.

Үлгілік шоттар жоспарына сәйкес ірі қара малдар 2520 – Жануарлар шоттарында есепке алынады.

2520 шоттарына келесі қосымша шоттар ашылады:

2521 – «Өсірудегі жануарлардың төлдері»

2522 – «Бордақылаудағы жануарлар»

2523 – «Негізгі табындағы жануарлар».

1. Жануарлардың төлдерін бухгалтерлік есепке алу үшін келесі бухгалтерлік жазбалар беріледі:

Дт 2551 – «Жануарлардың төлдері, Кт 6290 – «Өзге де кірістер» әділ құны бойынша төл және одан түсетін кіріс танылады.

2. Мақсатына қарай төлдерді бордақылауға (сою немесе сату үшін және т.б.) немесе негізгі табынға ауыстырылады:

Дт 2522 – «Бордақылаудағы жануарлар», Кт 2521 – «Жануарлардың төлдері»;

Дт 2523 – «Негізгі табындағы жануарлар», Кт 2521 – «Жануарлардың төлдері».

3. Биологиялық активтер ретінде бухгалтерияда 1С бағдарламасында есепке алуда ірі қара малды алдымен тауар ретінде танымыз: Дт 1330 тауарлар – Кт 2522 – «Бордақылаудағы жануарлар», Кт 2523 – «Негізгі табындағы жануарлар».

Нәтижелер

Кейде активтің әділ құны өзіндік құнмен сәйкес келеді, әсіресе биологиялық трансформация болмаған немесе ол шамалы болған жағдайларда. Кішігірім биологиялық қайта құру есеп беру күніне дейін отырғызылған жеміс ағаштарының көшеттерімен жүреді. Мұндай ағаш екпелерінің өсуінің бастапқы кезеңі 25 жылдық өндірістік циклде орын алады. Биологиялық активтер, әсіресе өсірілетін активтер жерден бөлінбеуі мүмкін, ал белсенді нарық тек біріктірілген активтер үшін өмір сүре алады.

ҚЕХС ресми аудармасының соңғы нұсқаларына сүйене отырып, жеміс ағаштары биологиялық активтерге жатқызылады және 2510 – «Өсімдіктер» шотында ескеріледі [3, 14 б.]. «Ауыл шаруашылығы» 41 ҚЕХС (IAS) сәйкес биологиялық активтер амортизацияланбайды және баланста әділ құны бойынша есепке алынады. Әрбір есепті жылдың соңында «әділ құнды бағалау» 13 ҚЕХС (IFRS) сәйкес бағалау күніне әдеттегі мәміле барысында міндеттемені сатуға немесе өтеуге болатын әділ құн бойынша бағаланады.

Мақаланы жазу барысында зерттеудің ғылыми жаңалығын анықтайтын негізгі ережелерге тоқталсақ соңғы типтік шоттар жоспарына енгізілген өзгерістерді ескере отырып, синтетикалық есепке алу шоттары, қосалқы шоттар мен талдау шоттары толықтырылды, бухгалтерлік есепке алу жазбалары берілді, бұл биологиялық активтердің қозғалысы туралы есепке алу ақпаратын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ биологиялық активтердің әділ құнын анықтаудың негізгі қағидалары тұжырымдалды, себебі бұрын ұсынылғандарға қарағанда жүйеге келтірілген және 41 ҚЕХС-ға сәйкес есепке алу жүйесін бейімдеу бойынша кешенді іс-шараларды жүргізу тұрғысынан толықтырылды.

Талқылау

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп технологиялық, биологиялық және климаттық факторларға байланысты бірқатар ерекшеліктермен сипатталады [5, 226 б.]:

1. Өндіріс процесі жермен байланысты. Ауыл шаруашылығындағы жер бір мезгілде еңбек заты мен құрал болып табылады. Жер алқаптары заттай көріністе (гектармен) көрсетіледі. Ақ-

шалай түрде олар қосымша капитал ретінде инвестициялар мен сатып алынған жерлерді көрсетеді.

2. Өндіріс процесі тірі организмдермен байланысты. Ауыл шаруашылық кәсіпорындағы жануарлар еңбек құралы және еңбек заты ретінде әрекет етеді (бордақылаудағы жас және ересек жануарлар).

3. Климаттық факторлардың әсерінен ауылшаруашылық қызметі маусымдық сипатқа ие. Егін жинау және негізгі ауылшаруашылық жұмыстары кезінде есеп жұмыстарының көлемі артады, ал жұмыс көлемінің маусымдық төмендеуі кезінде азаяды.

4. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру – ұзақ процесс, кейде ол бір күнтізбелік жылдан астам уақытты алады, шығындар ағымдағы жылы жүзеге асырылады, ал өнім келесі есепті кезеңде ғана алынады, осыған байланысты ауыл шаруашылығында есепке алу өндірістік цикл бөлінісінде жүргізіледі.

5. Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының дайын өнімі кәсіпорында ішінара молықтыру үшін пайдаланылады: өсімдік шаруашылығының өнімі – тұқымға, мал азығына, қайта өңдеуге; мал шаруашылығының өнімі – өсімдік шаруашылығындағы тыңайтқыштарға, мал азығына байланысты есепке алынады.

6. Өндіріс процесі әлеуметтік фактормен байланысты – ауыл шаруашылығында кәсіпорындардың әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандары болуы мүмкін. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары акционерлік қоғамдар, серіктестіктер, жауапкершілігі шектеулі қоғамдар, шаруа кожалықтары және олардың қауымдастықтары болуы мүмкін.

7. Өнімнің есебін жоспарланған шығындар бойынша жүргізу керек, өйткені іс жүзінде тек жылдың соңында есептеуге болады [10, 1 б.].

Қорытынды

Қорытындылай келе, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бухгалтерлік есебінің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, ҚЕХС сәйкес қаржылық есептіліктің сенімділігін қалыптастыру үшін бухгалтерлік есептің жаңа технологияларын кеңінен қолдануға болады. Биологиялық активтерді есепке алудың ерекшелігі тірі ағзалардың есепке алынуында, яғни жануарлар мен өсімдіктерді бухгалтерлік есепке алу жүргізіледі.

Қаржылық есептілікте биологиялық активтерді әділ құны бойынша бағалау ауыл шаруашылығы экономикалық субъектілерінің қаржылық жағдайы мен төлем қабілеттілігін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай бағалау биологиялық активтердің өзіндік құнын жоғарылату мүмкіндігін жоққа шығарады, яғни нәтижесі нақты қаржылық нәтижелердің бұрмалануы болып табылады.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы ұйымдарының ресурстық әлеуетін неғұрлым негізді талдау және қаржы-шаруашылық қызметін уақытша және кеңістіктік аспектілерде тиімді басқару үшін жағдайлар жасалады.

Ауыл шаруашылығы ұйымдарының биологиялық активтері бойынша ақпаратты көрсету мақсатында ІС бағдарламасында есепке алу және мамандандырылған есептілікті (жануарлардың бар-жоғы туралы есептілік) түрлендіруді қазіргі кезеңдегі ең қажетті есептілік екендігін атап өтеміз және ұсынамыз.

Биологиялық активтерді сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құн бойынша бастапқы тану кезінде, сондай-ақ сатуға арналған шығындарды шегергенде оның әділ құны өзгерген кезде туындайтын пайда немесе зиян олар туындаған кезеңдегі пайда немесе зиян ретінде ескеріледі.

Биотрансформацияға өндіріс және көбею процестері де жатады, нәтижесінде биологиялық активтерде сапалық немесе сандық өзгерістер болады. Жануарлар мен өсімдіктер санының көбеюі немесе жақсаруы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру нәтижесін көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 41 қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты, 2021 ж. URL: <https://online.zakon.kz/>
- 2 Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы. ҚР-ның 2007 жылғы № 234 заңы (2021 ж. 06.07 берілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz>

- 3 Бухгалтерлік есептің типтік шоттар жоспары, ҚР Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 877 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/>
- 4 Назарова В.Л. Учет в сельском хозяйстве: животноводство. – Экономика. – 2016. – 232 б.
- 5 Красота В.Ф., Джапаридзе Т.Г. Разведение сельскохозяйственных животных: учебник для вузов. – М.: ВНИИплем, 2016. – 386 с.
- 6 Береза А.О. Оценка биологических активов по справедливой стоимости. Мир новой экономики. – 2019. – № 13(3). – С. 59–70. URL: <https://doi.org/>
- 7 Байгазина С. Оприходование биологических активов. – 2021. URL: <https://uchet.kz/>
- 8 Шутова И.С. Бухгалтерский (управленческий) учет в сельском хозяйстве: учебное пособие / И.С. Шутова, Г.М. Лисович. – М.: Вузовский учебник, 2018. – 64 б.
- 9 Путеводитель бухгалтера. Электронный журнал. – Алматы, ЦДБ, 2020. URL: <https://uchet.kz/>
- 10 ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 30.04.2019 жылғы № 543543/1 «Биологиялық активтердің амортизациясы (ірі қара мал) немесе әділ құны бойынша бағалау және есепті кезеңнің соңына қайта бағалау». – 2019. URL: <https://uchet.kz/>

REFERENCES

- 1 41 qarjylyq eseptiliktiñ halyqaralyq standarty, 2021 j. URL: <https://online.zakon.kz/>
- 2 Buhgalterlik esep jáne qarjylyq esepilik turaly. QR-nyñ 2007 jylǵy № 234 zańy (2021 j. 06.07 berilgen ózgerister men tolyqtyrular engizilgen). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz>
- 3 Buhgalterlik esepitiñ tiptik şottar jospary, QR Qarjy ministriñiñ 2018 jylǵy 2 qazandaǵy № 877 búiryǵy. URL: <https://adilet.zan.kz/>
- 4 Nazarova V.L. (2016) Uchet v sel'skom hozjajstve: zhivotnovodstvo. – Jekonomika. 232 p.
- 5 Krasota V.F., Dzharparidze T.G. (2016) Razvedenie sel'skohozjajstvennyh zhivotnyh: uchebnik dlja vuzov. M.: VNIIPlem. 386 p.
- 6 Bereza A.O. (2019) Ocenka biologicheskikh aktivov po spravedlivoj stoimosti. Mir novoj jekonomiki. No. 13(3). P. 59–70. URL: <https://doi.org/>
- 7 Bajgazina S. (2021) Oprihodovanie biologicheskikh aktivov. URL: <https://uchet.kz/>
- 8 Shutova I.S. (2018) Buhgalterskij (upravlencheskij) uchet v sel'skom hozjajstve: uchebnoe posobie / I.S. Shutova, G.M. Lisovich. M.: Vuzovskij uchebnik. 64 p.
- 9 Putevoditel' buhgaltera. Jelektronnyj zhurnal. – Almaty, CDB, 2020. URL: <https://uchet.kz/>
- 10 QR QM Memlekettik kirister komiteti tóraǵasynyñ 30.04.2019 jylǵy № 543543/1 «Biologialyq aktivterdiñ amortizasiyası (ırı qara mal) nemese ädil quny boıynşa baǵalau jáne esepi kezeñniñ soñyna qaita baǵalau». 2019. URL: <https://uchet.kz/>

А.Р. КОБЕНОВА,*¹

специалист.

*e-mail: kobanova-1998@mail.ru

С.А. ФАЙЗУЛЛИНА,²

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: svetlanafai@bk.ru

М.А. КАНАБЕКОВА,³

к.э.н., доцент

e-mail: kma.2372@mail.ru

¹ТОО «Financial Services Group», Казахстан, г. Нур-Султан

²Университет «Туран», Казахстан, г. Алматы

³Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы

ОСОБЕННОСТИ УЧЕТА БИОЛОГИЧЕСКИХ АКТИВОВ В БУХГАЛТЕРСКОМ УЧЕТЕ

Аннотация

В научной статье рассмотрены особенности ведения бухгалтерского учета отрасли животноводства в настоящее время, в том числе биологических активов. Республика Казахстан обладает высоким потенциалом в области сельского хозяйства, так как имеет соответствующие природно-климатические условия и богатые пастбищные угодья, способствующие успешному развитию животноводства. Поэтому особенности учета

сельскохозяйственного производства заключаются в том, что в процессе выращивания в стаде происходят постоянные изменения. Динамику роста поголовья указывают в специальных документах, которые можно определить как первичные. Их особенность заключается в том, что они создаются в определенной форме, направленной на демонстрацию движения факторов и средств производства в виде животных. В настоящее время развитие отрасли животноводства является одной из главных задач сельского хозяйства. Животноводство обеспечивает население страны высокоценными продуктами питания, такими как мясо, молоко, яйца; промышленность использует шерсть, шкуры, смушки, овчины, пух; в фармацевтическом производстве востребована кровь животных; в технических целях используются продукты для переработки клея, пластмассы, альбумина. Из желез внутренней секреции вырабатываются активные препараты, содержащие гормоны. Рога предназначены для различных продуктов, а кости – для изготовления костной пищи, животные на сельскохозяйственных предприятиях выступают в качестве орудий труда и объектов труда. Увеличение производства продукции животноводства, снижение себестоимости и повышение уровня рентабельности ее производства напрямую связаны с совершенствованием технологии и организации производства, улучшением породного и возрастного состава стада, сохранением поголовья и эффективным использованием всех средств. Следовательно, высокий уровень сельскохозяйственного производства обеспечивает экономическую и продовольственную безопасность страны.

Ключевые слова: МСФО, биологические активы, себестоимость, накладные расходы, основное производство, рентабельность, субсчет.

A.R. KOBENOVA,*¹

specialist.

*e-mail: kobenova-1998@mail.ru

S.A. FAIZULLINA,²

c.e.s., associated professor.

e-mail:svetlanafai@bk.ru

M.A. KANABEKOVA,³

c.e.s., associated professor.

e-mail: kma.2372@mail.ru

¹“Financial Services Group” LLP,

Kazakhstan, Nur-Sultan

²Turan University, Kazakhstan, Almaty

³Abai Kazakh National Pedagogical

University, Kazakhstan, Almaty

FEATURES OF BIOLOGICAL ASSETS ACCOUNTING

The scientific article discusses the peculiarities of accounting of the livestock industry at the present time, including biological assets. The Republic of Kazakhstan has a high potential in the field of agriculture, as it has appropriate natural and climatic conditions and rich pasture lands that contribute to the successful development of animal husbandry. Therefore, the peculiarities of accounting for agricultural production are that constant changes occur in the process of growing in the herd. The dynamics of livestock growth is indicated in special documents that can be defined as primary. Their peculiarity lies in the fact that they are created in a certain form aimed at demonstrating the movement of factors and means of production in the form of animals. Currently, the development of the livestock industry is one of the main tasks of agriculture. Animal husbandry provides the population of the country with high-value food products, such as meat, milk, eggs, industry uses wool, hides, furs, sheepskins, down, animal blood is in demand in pharmaceutical production, products for processing glue, plastics, albumin are used for technical purposes. This leads to the conclusion that a high level of agricultural production ensures the economic and food security of the country. Endocrine glands produce active drugs containing hormones. Horns are used for various products, bones for making bone food, animals serve as tools and objects of labour. The growth of livestock production, cost reduction, increase in the level of profitability are determined by the improvement of technology and organization of production, improvement of the breed and age composition of the herd, maintaining livestock and efficient use of all the means. As a result, high level of husbandry production provide economic and production safety of the country.

Key words: IFRS, biological assets, cost, overhead, main production, profitability, sub-account.